

Тіркелген салық ставкасы туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 14/8-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық Әділет басқармасында 2009 жылғы 06 ақпанда N 5-4-105 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы N 29/7-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.12.29 N 29/7-IV (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабына басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 422-бабының негізінде, Риддер қалалық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қосымшаға сәйкес Риддер қаласының аумағында айына төленетін салық салудың бірлігіне тіркелген салық ставкасының көлемі белгіленсін.
2. Риддер қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 21 қарашадағы № 5-4-72 нөмірімен нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуінің Тізілімінде тіркелген «Тіркелген қосарланған салық ставкасы туралы» 2007 жылғы 23 қазандағы № 3/13-IV шешімінің күшін жойылды деп есептелсін.
3. Осы шешім бірінші ресми жариялаудан кейін он күнтізбелік күннің аяқталуы бойынша қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессияның төрағасы

Ж. Дюсупов

Қалалық мәслихат хатшысы

А. ЕРМАКОВ

Қ а л а л ы қ

1 4 - ш і

2 0 0 9

№

ж ы л ғ ы

1 4 / 8 - I V

2 9

м ә с л и х а т т ы ң
с е с с и я с ы ң ы ң
қ а ң т а р д а ғ ы
ш е ш і м і н е

қосымшасы

№ р/с	Салық салынатын нысанның атауы	Тіркелген қосарланған салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)

1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

Қалалық мәслихат хатшысы А.ЕРМАКОВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК